

FTAMP 17.82.31

Б.Д. Жұмақаева¹, С.С. Жумабеков²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада өткен ғасырдың алғашқы жартысында жарық көрген қазақ романының алғашқы үлгілерінің бірі «Қартқожа» романының эстетикалық құндылығы, танымдық қызметі талданады. Сондай-ақ қаламгердің суреткерлік шеберлігі, авторлық ұстанымы, шығарманың көркемдік ерекшелігі жайлы да сөз етіледі.

Түйін сөздер: жанр, роман, проза, көркемдік, танымдық қызмет, суреткерлік, авторлық ұстаным.

Аннотация. В данной статье анализируется эстетическая ценность, познавательная деятельность романа «Карткожа», одного из самых ранних примеров казахского произведения, созданной в первой половине прошлого века. А также будет говориться об искусстве писателя, об авторской позиции и художественном характере произведения.

Ключевые слова: жанр, роман, проза, художественный, познавательная деятельность, авторская позиция.

Abstract. In this article the first half on the first published samples of the «Kazakh novel», «Kartkozha», the author analyzes the aesthetic value of the novel and its cognitive activity. As well as the author's skills, the author's credo of the writers, in particular, a work of art.

Keywords: genre, novel, prose, artistic, cognitive activity, author's position.

Әдебиеттің даму үдерісінде әрбір жанрға тән өзіндік ерекшеліктері, көркемдік параметрлері, жанрдың табиғатына тиесілі өлшем мен талғам сияқты айрықша белгілері қалыптасады. Әдебиеттің алуан түрлі жанрларының ішінде роман елеулі орын алады. Роман – өте күрделі әрі маңызды әдеби жанр.

Кез келген басқа жанрдағы секілді роман жанрында да адам мен әлемнің, адамзат пен тарихтың өзара қарым-қатынасы, байланысы қарастырылады. Роман адамзат қоғамы мен адамдар әлемін, өмірдің өзін зерттеуге бағытталған жанр болғандықтан еркін форма ретінде дамып, әдеби канондар мен үлгілерге бойұсына бермейді. «Роман жанры әрдайым өзгеріп, әрі жаңарып отырады. Дамыған еуропалық әдебиеттерде

романның дамуы екі жүз жыл бұрын аяқталса да, бұл аяқталмаған жанр, оның көптеген жаңа мүмкіндіктері бар», - дейді Н.С. Лейтес [1, 152].

Романда оқиғалардың нақты сипаттамасы, олардың күрделілігі, көркемдік құндылығы және мазмұны өмір шындығымен байланысты болады. Әлеуметтік теңсіздікті, қарама-қайшылықты еңсеру барысында пайда болған кейіпкерлердің қаһарман бейнелеріне қаламгердің шебер қаламы арқылы жан бітеді.

Роман жанры оның шынайы түсінігінде – көркем сөздің шыңы. Оның ерекшеліктерін анықтауға және ашып көрсетуге – кейіпкерлердің түрлі характерлі болуы, олардың өзара қарым-қатынасының алуан түрлілігі, сондай-ақ кейіпкерлердің ішкі дамуы, олардың мінез-құлқының қалыптасуы сияқты факторлар ықпал етеді.

Өмір шындығын бейнелеуде роман ерекше рөл атқарады. Эпикалық жанрдың басқа туындыларымен салыстырғанда, роман өмірді, оны толықтыратын түрлі оқиғаларды, сондай-ақ адамдар арасындағы қарым-қатынасты кеңінен және терең бейнелейді.

Романның жанры авторға белгілі бір оқиғаны сипаттауға, оның қалауы бойынша сюжеттік желіні өрбітуге, сондай-ақ тақырыпты жан-жақты ашуға шексіз мүмкіндік береді. Туындының құрылымында композициялық шеберлік, мәнерлі мазмұндық қарама-қайшылықтар, прозалық, лирикалық мотивтер бір-бірімен қиылысып, өзара үйлесімге ие болады. Осының барлығы кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасын, олардың сипаттамасын, тарихи ақиқатын, халықтардың тағдырын кеңінен қамтып, оларды жан-жақты көрсете отырып, ерекше жарасым тауып, тамаша тартымдылыққа ие болады.

Прозаның ерекше жанры ретінде романның маңыздылығы Еуропа елдерінде де зерттелініп, роман мүмкіндігі мол жанр ретінде дамыды. Еуропа елдерінде романның пайда болуы басқа халықтардың әдебиетінде, атап айтқанда, қазақ әдебиетінде прозалық жанрдың қалыптасуына әсер етті. Сөз жоқ, біз қазақ әдебиетіндегі алғашқы романның құрылуындағы жетекші рөл поэтика өнерінің теңдессіз шебері Жүсіпбек Аймауытовқа берілгенін мойындауымыз керек, ол еуропалық классикалық романның ең жақсы ерекшеліктерін негіз ретінде қабылдап, оларды қайта өңдеп, қазақ прозасының құнарлы топырағына берді. Ж. Аймауытовтың прозалық шығармалары идеялық және көркемдік мәселелердің ерекшелігімен, өмірдің белгілі бір құбылысын бейнелеуге нәзік психологизммен және гуманистік көзқараспен, қолданылған көркемдік тәсілдер мен құралдардың өзіндік ерекшелігімен, кейіпкердің образын жасау барысында жетілдірумен, романдарда айқындалған әлеуметтік-саяси мәселелердің өткірлігімен, тарихи нақтылықпен – хронологиялық сәйкестігін нақты сақтаумен ерекшеленеді.

Жүсіпбек Аймауытов - біздің қоғамның ғажайып құбылысы. Ол көп қырлы талант: ақын, прозашы, драматург, сыншы, аудармашы, публицист,

әнші, режиссер. Дарынды жазушы бола отырып, қазақ әдеби жанрларының дамуына үлкен үлес қосты.

Қазіргі таңда әдеби үдерістерді және ондағы өзгерістерді терең зерделеуге, белгілі бір тарихи жағдайды, сол кезеңнің әлеуметтік мәселелерін, кейіпкерлердің бейнесін, олардың мінез-құлықтары мен сөйлеу мәнерін, авторлық поэтикалық жүйенің ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістер мен тәсілдерді қолдану ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан көркем шығармаларды зерттеу үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болды.

Адамның ішкі әлемін, оның жарығы мен күнгей тұсын түсіне білетін жазушы ғана адам табиғатының тереңдігін көрсете алады. Ж. Аймауытовты адам психологиясының ең үздік маманы десек артық айтпаймыз. Оның «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, кейіпкерлердің ішкі әлемін, дүниетанымын, болмысын ашуға және түсінуге мүмкіндік береді.

Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романы — ХХ ғасырдың басындағы замана иірімі тұсындағы қазақ халқының басына үйірілген ахуалды бар шындығымен суреттеп жазған шығарма. «Қартқожада» адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы күрделі қайшылық бой көтереді. Қоғамдық жағдайлардың күрт өзгеруі, әлеуметтік ахуалдың жиі ауысуы, адамға әсер ететін күштердің саны мен әлеуеті арты ұлттық прозада «мәңгілік тақырыптар» мен күнделікті тіршіліктің көркем мәтінде аралас жүруіне әкелді.

«... Романда өз өміріне де, өзі өмір сүріп жатқан қоғамына да өзекжарды ойларын ашық айтатын кейіпкерлер баршылық, Шығармада авторлық баяндау да, кейіпкер ойы да, сөзі де қатар, жарыса беріледі. Жазушының романның бас кейіпкері Қартқожа бейнесін суреттеуде өмірден онша алшақ кетпегенін көз көргендер баян етеді» [2,18].

Жүсіпбек Аймауытов нақты шындық пен оның көркем шығармадағы көрінісі арасындағы үйлесімділікті сақтай алды. Автор кейіпкердің мінезін оның ойлары мен эмоцияларын сипаттау арқылы, сондай-ақ оның мінез-құлқы мен әрекеттері арқылы ашып көрсетті. Ғалым И.В. Страхов психологиялық бейненің екі түрін көрсетеді.

«Біріншісі - кейіпкердің сипаты, оның ойлары мен күйзелістерінің сипатталуы негізінде жүзеге асырылады.

Екіншісі - кейіпкердің мимикасы секілді ерекшеліктерді, сондай-ақ басқа да сыртқы психологиялық көріністерін психологиялық талдау арқылы қалыптасады» [3,71].

Бұл заң Ж. Аймауытовтың барлық шығармашылығында байқалады. Жүсіпбек Аймауытов өз шығармашылығында психологизмді шебер қолданады. Ол өзінің қаламына тән психологиялық пейзаж әдісін авторлық психологиялық баяндауда жетілдіріп, психологиялық құрамдас

бөлшектерді сипаттап, табиғатпен кейіпкердің эмоционалдық жағдайын салыстыра отырып, көркемдік әдіс-тәсілдерді шебер қолданады.

«Қараңғы түнде елден адасқан адам алыстан жылт еткен от ұшқынын көзі шалғанда қандай қуанады; Қартқожаға да бүгін қараңғы елдің ішінде «оқу» деген нәрсенің жарық сәулесі жылт еткендей болды. Қуантты. Келе жатып, кітапшасын оқығанша асықты.

... Мидай жазық, кең дала, жел жоқ. Күн шуақ. Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай ақ бұлттар. Деген шеке қызар, ми қайнар уақыт. Инелік, шегіртке, бөгелек, масаның қалың шөптің арасынан ұшып, әуені қаптап, шарықтап, олай-былай жүйткіп шыр-шыр етіп, қанаттары дырылдап, ызылдағанынан басқа, екі аттың пысқырып, құйрығы суылдап, аяғын тебініп, бөгелек жасқағанынан басқа, анда-санда шық-шық еткен торғайдың даусынан басқа жаңғырыққан ешбір тықыр не бір үн естілмейді. Қартқожа сайын далада киімін шешіп, жайрап, көйлекшең, жалаң бас, көк шөпке бауырын төсеп, күнге қарап, қошқыл маңдайынан тері шып-шып шығып, кітабын оқып жатыр» [4,15].

Монологты жасай отырып, автор күрделі психологиялық жағдайларды, интуициямен байланысты проблемаларды талдауға ерекше назар аударады. Осылайша, жан диалектикасын зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл тұрғыда жазушы екі ережені ұстанады:

1. Суреттелген оқиғаның өмір шындығымен «үндесуі»;

2. Өз сезімдері мен толғаныстары арқылы кейіпкерлердің сезімдері мен жай-күйін көрсете білу. Осы әдістің арқасында оқырмандардың жанашырлығын оятуға жол табады.

«... Шаруаның жайы мынадай, реніш анадай болған соң, «оқимын» деп бекінген Қартқожаның үні өшті, тілі күрмелді, ойын тұман басты, іші-бауыры, өзегі өртенгендей болып, иығы түсіп, еңсесі салбырап кетті. Оңаша жерде Қартқожа тәңірге налып, зарланатын болды. «Құдай-ау не жаздым? Мұнша сорлы қылғандай неңді алдым? Бүйтіп қор еткенше жаратпасаң етті! Қырсықтан көзімді ашатын күнің бар ма? Жоқ па?...» деп зарлаушы еді. Сонда да оқудан күдерін үзбейді, өйткені түсінде оқыл жүретін еді [4,20].

Ж. Аймауытов түс арқылы суреттелетін оқиға желісін кейіпкердің жан-дүниесіндегі тебіреніспен үйлестіре отырып, сол арқылы қаһарманның да болмысын, табиғатын танытуға керекті құрамбөлік ретінде пайдалана біледі.

Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларында кейіпкердің мінез-құлқы, оның сипаты анық байқалады, олар арқылы кейіпкерлердің ішкі әлемі ашылады, сондай-ақ олар белгілі бір оқиғаларды түсіндіру үшін қызмет етеді. Сонымен қатар, әңгімеде кейіпкердің көңіл күйін, оның басқаларға әсерін, физиологиялық жағдайын сипаттау ерекше орын алады. Бұл ретте кейіпкердің ой-пікірлері, оның басқа адамдармен қарым-қатынасы мен шығармалардағы оқиғалар мен ондағы іс-қимылдармен

қарама-қайшылықтары анық байқалады. Жоғарыда айтылғандардың тереңдігін көрсету үшін автор іс-әрекеттерді, белгілерді, мимиканы және вербалды қарым-қатынастың басқа да құралдарын шебер қолданады.

Жазушы адам мен табиғаттың өзара байланысын бейнелеудің жолдарын зерттеу үшін өзіндік көркем зертхана құрды. Бұл бағытта автор өзінің философиялық және эстетикалық тұжырымдамасын іске асыра отырып, оқырманның жүрегіне «кілттерді таңдап алуға» тырысады.

«Жаздың бір түні. Көгерген аспандағы көп жұлдыз көк торғынға шашылған бірілэнт тасындай жылт-жылт етеді. Айдын көлге шомылған аққудай, көкторғындай көкте сұлу ай жүзеді. Бір гүл селк етпейді, не бір жапырақ сыбдырламайды, төңірек құлаққа ұрған танадай, ауыл маужырап, ұйқыда. Анда-санда қотаншыл төбеттер саңқылдайды. Ара-арасында бозбала көрген қала әйелдерінше қабаған қанишықтар желпілдетіп, шәуілдейді. Жоғарғы ауылдан қыз-келіншектердің шырқаған әні естіледі. Қартқожаның ауылынан «Айтақ-ау, айтақ» деп бір қатын даусын созып отыр. «Мен де ояумын» дегендей, боз бойдақ түрегеліп, түшкірініп-пысқырынып «зікірін» салып басылды. Ыңыранып, бырт-бырт күйсеп қара мал жатыр» [4,33].

Романдарында жазушы табиғат көріністерін бейнелегенде өзі осы пейзаждың тікелей бақылаушысы, қатысушысы секілді әрбір көріністі айрықша ықыласпен суреттейді. Ол адам өмірінің ауыр және бақытты сәттерінде қоршаған табиғаттың түрлі құбылыстарымен адамның психологиялық жағдайының үйлесімді қосылуын көрсетудегі кемелдікке қол жеткізеді.

Бұл туралы академик С.Қирабаев мынадай пікір білдіреді: «Жүсіпбек суреткерлігі болған оқиғаны әдемі, көз алдыға елестете әңгімелеп беруінде ғана емес, ол негізгі кейіпкер басынан кешкен қиындыққа оның ортасын табиғат құбылыстарын да ортақ етіп суреттей білуінде. Ол табиғатты да, оның сырын да жақсы біледі. Оны әрқашан адам сезімімен, әрекетімен байланыста көрсетеді» [5, 107].

Жүсіпбек Аймауытов өзінің прозалық шығармаларында кейіпкерлердің, монологтарын, диалогтарын, авторлық түсіндірмелерді, сенімді дәлелдерді, бейвербалдық құралдарды, психологиялық құрамдас бөлшектерді пайдалану арқылы пейзаждық көріністерді жасау шеберлігінде кемелдікке қол жеткізді. Бұл үрдістер сол уақыт үшін жаңа леп, соны серпін болып, дами отырып, жазушының қайталанбас мәнерін мен суреткерлік ұстанымын қалыптастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: Таным және көркемдік. – Алматы: Ғылым, 1999. – 281 б.

- 2 Ақышев З. Жүсіпбек және оның Қартқожасы. // Жұлдыз, 1990, №8, 183 б.
- 3 Страхов И.В. Методика психологического анализа характеров в художественном произведении. Саратов, гос.пединститут, 1977. – Ч.1. – С. 4.
- 4 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – Т.2. – 270 б.
- 5 Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов [Мәтін].– Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.